

• **ҚДП – құқық, заңдылық және тәртіптілік партиясы!**

ЗАҢДАРДЫҢ САЛТАНАТ ҚҰРУЫН ЖАҚТАЙМЫЗ



Ибрагим ТҮКТІБАЕВ,
“Қазақстан Демократиялық партиясының” республикалық штабының жетекшісі

Баршамызға белгілі, біздің партиямыз Әділет министрлігінен үстімізденгі жылдың 14-шілде-сінде тіркеліп, қоғамдық өмірімізге жаңа бір саяси ұйымның келгендігін ресми түрде жария етті. Бұған қарап, біздің партияны жүргенінен құлағаны көп жас балаға теңеуге болмайды.

Партиямыз тіркелу жағынан жақтау көрінгенімен, саясат жөніндегі сауаттылығымыз бен салауаттылығымыз ешбір партиядан кем соқпайды. Бұл күндері жүз мыңға таяп қалған мүшелеріміздің арасында халқымыз қатты қадірлейтін қарттар, жиырма бестегі жалынды жастар, отызында орда бұзып, қырқында қамал алатын ағалар, елудегі елеулі ер-азаматтар, алпыстағы ақылман ардагерлер мен зейнеттегі мың сан зейнеткерлер де бар. Осынау орасан қауымның басым көпшілігі құқық қорғау, заң салаларының мамандары және оның жақтаушылары. Соған орай біз “Заңның күші – халықта”, “Құқығыңды қорғай біл”. “Демократия мен құқық егіз” деген ұрандарды ұстанып, “Қазақстан Демократиялық партиясы” деген атымызға сай саяси сайысқа жасқанбай араласып кеттік. Бұл салада жаспын, жасамыспын деп тұрудың жөні де жоқ. Дода, сайыс, күрес мүддесі - қашанда жеңімпаз болу.

Біз – құқықтылық пен заңдылық партиясымыз. Бұған біз саналы түрде үлкен жауапкершілікпен келіп отырмыз.

Біздің ойымызша, мұндай қажетті заңдылық жолын құқықтық мемлекетіміздің әрбір саналы азаматы қолдауы тиіс деп білеміз. Біздің бағытымыз – ар-ожданымыздың тазалығы, әділеттілік.

Біз партиямызды ұстап отырып, ар-аза-

ялы қауыммен кездесіп, партиямыздың мақсат-мүдделерін паш еткен кезде де біз өзіміздің сайлау алдындағы тұғырнамамыздың дұрыс тұжырымдалғанына кезімізді жеткізгенбіз.

Ағымыздан жарылайықшы, біздің кез-келгеніміз, тіпті, өзіміз бен өз отбасымыз үшін ауадай қажетті дайын тұрған заңдарды толық білмейтініміз рас қой, бұны-самарқаулық пен еренсіздіктен басқаша не деуге болад?

Біз осы жөнінен халықты дүр сілкінтіп, заман ағымына лайық қам-қаракеттерге бастап отырмыз. Шүкір, мойындаушыларымыз да, қолдаушыларымыз да күн санап көбейіп келеді.

Сайлау алдындағы шараларға келетін болсақ, онда бұл саладағы жұмысымызды, сөз жоқ “Сайлау туралы” Заңнан бастағанымызды бірден айтуымыз керек.

Екіншіден - сайлау жөнінен іске кірісіп отырған штабымыз бар. Оның іс-жоспары мен бағдарламасы күнілгері бекітілген. Штаб қызметкерлерінен саяси маркетинг секторын, ұйымдық және халықпен жұмыс істейтін бөлімдерін құрып алғанбыз. Депутаттыққа кандидаттардың жалпы бадарламаларын жасап, олармен сайлаушыларды танстыра бастадық.

Облыстардағы саяси кеңес төрағалары үгітшілер топтарын құрып, есімдері елге танымал заңгер ғалымдар мен ұстаз педагогтардан, әртістер мен ақын-жазушылардан арнайы бригадалар ұйымдастырып, ел арасына шығаруда.

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы біздің партиямыздың “Мұғалімдер туралы” Заң жобасын өмірге әкеліп отырғандығы белгілі. Сол жобамыздың ел ішінде кеңінен тарату үшін мұғалімдердің тамыз айында дәстүрлі кеңестеріне қатыстық.

“Құқықсыз болашақ болмайды” деген тақырыппен зеңгер студенттердің шеруін өткізуге де дайындықтарымыз ойдағыдай. Осымен қатар, студенттердің құқығын бүгін сақтау- олардың ертеңгі болашақтарына жол ашу” деген ұранмен студенттер арасында республикалық акция-митингі өткізуді де көздеп отырмыз. Облыстағы саяси кеңес төрағаларын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, әсіресе, телеарналар арқылы аптасына міндетті түрде бір рет партиялық мүдделерімізді насихаттауға міндеттеп отырмыз. Осымен қатар, шаруа қожалықтары мен ауыл тұрғындарына арнап “Дихан, бұл сенің құқығың” деген кітапша

**Ибрагим ТҮКТІБАЕВ,
“Қазақстан Демократиялық
партиясының” республикалық
штабының жетекшісі**

Баршамызға белгілі, біздің партиямыз Әділет министрлігінен үстімізденгі жылдың 14-шілде-сінде тіркеліп, қоғамдық өмірімізге жаңа бір саяси ұйымның келгендігін ресми түрде жария етті. Бұған қарап, біздің партияны жүргеннен құлағаны көп жас балаға теңеуге болмайды.

Партиямыз тіркелу жағынан жақтау көрінгенімен, саясат жөніндегі сауаттылығымыз бен салауаттылығымыз ешбір партиядан кем соқпайды. Бұл күндері жүз мыңға таяп қалған мүшелеріміздің арасында халқымыз қатты қадірлейтін қарттар, жиырма бестегі жалынды жастар, отызында орда бұзып, қырқында қамал алатын ағалар, елудегі елеулі ер-азаматтар, алпыстағы ақылман ардагерлер мен зейнеттегі мың сан зейнеткерлер де бар. Осынау орасан қауымның басым көпшілігі құқық қорғау, заң салаларының мамандары және оның жақтаушылары. Соған орай біз “Заңның күші – халықта”, “Құқығыңды қорғай біл”. “Демократия мен құқық егіз” деген ұрандарды ұстанып, “Қазақстан Демократиялық партиясы” деген атымызға сай саяси сайысқа жасқанбай араласып кеттік. Бұл салада жаспын, жасамыспын деп тұрудың жөні де жоқ. Дода, сайыс, күрес мүддесі - қашанда жеңімпаз болу.

Біз – құқықтылық пен заңдылық партиясымыз. Бұған біз саналы түрде үлкен жауапкершілікпен келіп отырмыз.

Біздің ойымызша, мұндай қажетті заңдылық жолын құқықтық мемлекетіміздің әрбір саналы азаматы қолдауы тиіс деп білеміз. Біздің бағытымыз – ар-ожданымыздың тазалығы, әділеттілік.

Біз партия құра отырып, әр азаматтың адамгершілігіне дақ түсірмейтін, әділетті заң мен заңдылықтың тазалығы үшін күресетінімізді мәлімдегенбіз. Тәртіп пен әділеттілік – біз бағдар еткен саясаттың алтын арқауы. Сайлау алдындағы қазіргі кезеңде талайлардың таңдайлары “Ұлттық табысты, экономиканы, әлеуметтік жағдайларды жақсарту үшін” деп тақылдай бастағандары ешкімге құпия емес. Алайда, олар адам баласы үшін аса маңызды нәрсе – ұлттың ұлғаттылығы мен оның моральдық хал-ахуалын, рухани деңгейін таза сақтап, әрі қорғап қалуға жете мән бермей, ат үстілікпен атойлап жатыр. Сондықтан да біз, халқымыздың барлық саладағы құқықтарын мүлтіксіз қорғайтын заңдардың салтанат құруын бар дауысымызбен жақтаймыз.

Партиямыздың төрағасы М. Нәрікбаев Құрылтай съезінен кейін Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарын аралап, ондағы жұмысшы, шаруа, студент жастар және зы-

қам-қаракеттерге бастап отырмыз. Шүкір, мойындаушыларымыз да, қолдаушыларымыз да күн санап көбейіп келеді.

Сайлау алдындағы шараларға келетін болсақ, онда бұл саладағы жұмысымызды, сөз жоқ “Сайлау туралы” Заңнан бастағанымызды бірден айтуымыз керек.

Екіншіден - сайлау жөнінен іске кірісіп отырған штабымыз бар. Оның іс-жоспары мен бағдарламасы күнілгері бекітілген. Штаб қызметкерлерінен саяси маркетинг секторын, ұйымдық және халықпен жұмыс істейтін бөлімдерін құрып алғанбыз. Депутаттыққа кандидаттардың жалпы бадарламаларын жасап, олармен сайлаушыларды танстыра бастадық.

Облыстардағы саяси кеңес төрағалары үгітшілер топтарын құрып, есімдері елге танымал заңгер ғалымдар мен ұстаз педагогтардан, әртістер мен ақын-жазушылардан арнайы бригадалар ұйымдастырып, ел арасына шығаруда.

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы біздің партиямыздың “Мұғалімдер туралы” Заң жобасын өмірге әкеліп отырғандығы белгілі. Сол жобамыздың елішінде кеңінен тарату үшін мұғалімдердің тамыз айында дәстүрлі кеңестеріне қатыстық.

“Құқықсыз болашақ болмайды” деген тақырыппен зеңгер студенттердің шеруін өткізуге де дайындықтарымыз ойдағыдай. Осымен қатар, студенттердің құқығын бүгін сақтау- олардың ертеңгі болашақтарына жол ашу” деген ұранмен студенттер арасында республикалық акция-митингі өткізуді де көздеп отырмыз. Облыстағы саяси кеңес төрағаларын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, әсіресе, телеарналар арқылы аптасына міндетті түрде бір рет партиялық мүдделерімізді насихаттауға міндеттеп отырмыз. Осымен қатар, шаруа қожалықтары мен ауыл тұрғындарына арнап “Дихан, бұл сенің құқығың” деген кітапша шығарып, оны партиямыз туралы материалдармен бірге таратуға дайындықтар жүріп жатыр. Бұдан басқа шараларымыз да бір қауым.

Ең бастысы – сайлау науқанына белсене атсалысып, партиялық тізіммен ұсынылып отырған 9, бір мандаттыққа тіркелген 17 мүшеміздің өз бәсекелестерінен асып кетулеріне қолдан келгенше көмек көрсету. Сөйтіп, Мәжіліс депутаттығынан кем дегенде бір-екі орынды иелену. Сонда біз әлі жарияланбаған, бірақ жасап қойған бірсыпыра Заң жобаларымыздың бет-перделерін шар едік. Демек, “Қазақстан Демократиялық партиясы” сайлау алдындағы сайысқа түсе отырып және өзінің сайлаушылары алдындағы парыздарын сезіне келіп өзінің бар күш-жігерін Қазақстанда қуатты мемлекеттің орнығуына жұмсайтынын мәлімдейді. Біз қоғамның бостандық, құқық, әділеттілік секілді істерінің демократия қағидаттарына негізделуі тиіс екенін батыл айтамыз. Сонымен қоса, біз өз саясатымыздың заңдылық пен құқық жаршысы екендігімізді іс жүзінде дәлелдей береміз.